

# Еңбек гигиенасы және оның ұйымдастырылуы

- Дайындаған: Жолдасова М.
- Қабылдаған: Юсупова Б. Р.

- Еңбек гигиенасы – ол құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-профилактикалық және басқа да шараларды қамтитын, еңбек ету процесінде жұмыскерлердің денсаулығын қамтамасыз ету жүйесі.



- Еңбек гигиенасының негізгі міндеттерінің бірі болып жалпы және кәсіптік сырқаттанушылықтың алдын алу саналады. Кәсіптік аурулардың профилактикасы бірінші кезекте этиологиялық факторды және одан туған сырқаттарды жан-жақты зерттеуге негізделген.
- Республиканың халық шаруашылығында жаңа технологиялық процестерді енгізу, өнеркәсіптің басты салаларына шетелдік инвесторларды өздерінің жаңа технологияларымен қызықтырып тарту еңбек гигиенасының алдына көптеген жаңа міндеттер қойып отыр.
- Мұнда маңызы зор мәселе гигиеналық нормативтерді ғылыми тұжырымдау. Осы мақсатпен Республикада денсаулық сақтау министрлігімен еңбек гигиенасы бойынша санитарлық нормалар мен ережелердің жаңа 3 томдығы шығарылған, сонымен қатар, оның құрамындағы санитарлық нормативтік құжатнамалар кезеңді түрде жаңартылуда.

## ○ Еңбек гигиенасының дамуы тарихы

- Көне замандағы ғалымдар мен дәрігерлер әртүрлі кәсіппен шұғылданушы адам-дарда пайда болатын ауруларды байқаған. Мысалы; Гиппократ (біздің дәуірге дейінгі 460-377 жж) кен қазушылардың ауруларын бейнелеген. Гален (б.д.д. 130-200 жж.) қорғасын шаңының адам организміне зиянды әсеріне көңіл аударған. XVI ғасырда дәрігер-химик Парацельс кеншілердің, құюшылардың чахоткасы атты ауруды бейнелеген. 1700 жылы италяндық дәрігер, профессор Рамаццини «қол өнер кәсіпшілерінің аурулары туралы» кітап шығарып, 50 артық кәсіпке сипаттама берген (кеншілердің, химиктердің, ұсталардың т.б.)
- 1763 ж. шыққан «Металлургияның немесе тау-кен жұмыстарының алғашқы құралуы» атты еңбегінде М.В. Ломаносов «Тау-кен адамдарының» еңбегі мен демалысын қалай ұйымдастыру керектігін, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуін, рудниктерді желдетуін жазған. Дәрігер Никитин А.Н. «Жұмысшылар аурулары және құқық қорғау шаралары» атты кітабында 120-дан артық кәсіптің еңбек жағдайын жазып, сырқаттарды алдын алуына көңіл аударған. Гигиенаның бірінші профессоры Ф.Ф. Эрисман еңбек гигиенасының дамуына үлкен үлес қосты. Оның қатысуымен еңбек жағдайлары тексерілген. 1877 жылы «Кәсіптік гигиена немесе ой және дене еңбегінің гигиенасы» атты кітабы шығып, еңбек гигиенасына ғылыми негіздері берілген. Еңбек гигиенасының басты салаларының бірі – еңбек физиологиясының дамуында басты рольді физиологтар И.М. Сеченов, И.П. Павлов, Н.Е. Введенский А.А. Ухтомский орындады.

- Еңбек гигиенасының бір саласының - өнеркәсіптік токсикологияның дамуында оның іргетасын қалаушылар Н.С. Правдиннің, Н.В. Лазаревтің, профессор И.В. Саноцкийдің т.б. еңбектері өте зор.
- Санитарлық заңдылықты дайындауда, профилактикалық мекемелерінің, ғылыми институттарының жүйелерін жасауда, еңбек гигиенасының өзекті мәселелерін құрастыруда советтік кезеңдегі ірі гигиенистердің қосқан үлестері өте үлкен. Олар –В.А. Левицкий. С.и. Каплун, З. Б.Смелянский, Н.А. Вичдорчик, Е.Н. Андреева-Галанина, З.И. Израэльсон, Н.Ю. Тарасенко, Л.К. Хоцянов, А.А. Летавет т.б.
- Қазіргі таңда ТМД мемлекеттерінің жетекші ғалымдары болып еңбек медицинасы институтының директоры, академик Н.Ф. Измеров, РФ РМҒА мүше-корр, проф. Саноцкий, В.А. Суворов, профессорлар А.А.Каспаров, А.В. Роцин, В.Ю.Кириллов, Ф.Ф. Эрисман (1842-1915), А. В. Роцин, В.Ф. Кириллов, В.А. капцов, В.Г. Артаманова, С.В. Алексеева т.б. саналады.

- Еңбек гигиенасындағы еңбекті ғылыми ұйымдастырудың басты бағыттарын атап көрсету қажет:

### **Гигиеналық**

Адамның денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігіне әсер етуші өндірістік ортаның факторларын нормалау.

Өндірістік ортаның зиянды факторларының деңгейін төмендету немесе жою жолымен еңбек жағдайын жақсарту.

### **Физиологиялық**

Жұмыс орнын, машиналарды, жабдықтарды, құралдарды физиологиялық талаптарға сәйкес жасау.

Еңбек процесінде дене жүктемесін азайту.

Физиологиялық тұжырымдалған еңбек және демалыс тәртіптерін енгізу.

Нервтік-эмоциональдық жүктеменің түсуін азайту.



## ○ **Токсикалогиялық**

Жаңа химиялық заттарды нормалау.  
Бұрын белгіленген ШРЕК-терге түзетулер енгізу немесе оларды қайта қарау.

Химиялық және физикалық факторлардың қосарланған әсерлерін зерттеу.

Зиянды химиялық заттарды зияндығы төмен заттарға алмастыру.

## **Медициналық**

Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы жұмысшыларға медициналық-профилактикалық қызмет көрсетуді жақсарту.

Кәсіби сырқаттарды ерте анықтау және реабилитациялау әдістерін әзірлеу.

## **Эстетикалық**

Өндірістік эстетиканың талаптарын орындау.

Техникалық эстетиканың талаптарын орындау.



- **Еңбек гигиенасы дәрігері жұмысының мазмұны.** Еңбек гигиенасы бойынша дәрігердің кәсіптік қызметінің барлық формаларын 3 топқа бөлу қабылданған: ескертпелі санитарлық қадағалау (ЕСҚ), ағымды санитарлық қадағалау (АСҚ) және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары.

**Ескертпелі санитарлық қадағалау** – медициналық профилактиканың ең маңызды элементі.

Ескертпелі санитарлық қадағалаудың негізгі мазмұны болып өнеркәсіптік объектілерді жобалауда, жер учаскелерін таңдауда, құрылыстарын салуда, жаңа технологиялық процестердің, химиялық қоспалардың жабдықтарының, аспаптарының т.б. стандарттарын жасауда санитарлық нормалар мен ережелердің орындалуына бақылау жүргізу саналады.



○ **Ағымды санитарлық қадағалау** – жұмысшылардың денсаулығын қорғау және жоғары іскерлік деңгейін сақтау мақсатымен, бақылауға жататын объектілердегі жұмысшылардың гигиеналық еңбек жағдайына және денсаулығына жан-жақты зерттеулерді жүргізу жатады. Бұл міндеттер кәсіпорынды санитарлық сипаттау, жалпы және кәсіптік сырқаттанушылықты зерттеу, кәсіптік сырқаттардың және кәсіптік уланулардың болған оқиғаларын тексеру, өндірістік мертігу жағдайларын талдау жолдарымен жетіледі.



○ Ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс санитарлық дәрігердің қызметінде маңызды орын алады. Бұл жұмыс дәрігердің өзінің ісін жоспарлау және оған талдау жүргізу, зертханалық жұмысын басқару және бақылау, санитарлық белсенді оқыту, жұмысшыларды гигиеналық оқыту, емдеу-профилактикалық мекемелерінің қызметкерлерінің және инженерлік-техникалық қызметкердің т.б. еңбек гигиенасы бойынша мамандығын жоғарылату сияқты жұмыстарды қамтиды. Еңбек гигиенасы бойынша дәрігер кәсіпорынның әкімшілігімен, еңбек департаментімен, мемлекеттік техникалық қадағалау органдарымен және салалық кәсіподақ комитеттерімен іске байланысты қарым-қатынаста болу керек.



- Дәрігер гигиенистік қызметінің маңызды жағы болып салауатты өмір қалыпын қалыптастыру мақсатымен өндірістерде санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу саналады. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс айлық, тоқсандық және жылдық жоспарлар негізінде жүргізіледі.
- СЭС-тің еңбек гигиенасы бөлімінің ағымды санитарлық қадағалауы (АСҚ) бойынша жұмыс жоспарының нұсқасын мына түрде беруге болады:  
*Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс*

*Кәсіпорындарды жоспарлық санитарлық тексеру*

*Тақырыптық санитарлық тексеру (әйел адамдардың, жасөспірімдердің еңбек жағдайын бақылау).*

*Кәсіптік ауруларды, улануларды алдын алу бойынша шаралар (жалпы сырқаттанушылық пен кәсіптік сырқаттанушылыққа талдау жүргізу, т.б.)*

*Ғылыми-тәжірибелік жұмыс*

*Санитарлық ағарту жұмысы*

○ Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары:

- 1) мемлекеттік органдарды санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың асқынуы, санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің бұзылуы туралы хабардар етуге;
- 2) кәсіби уланулар мен науқастанулардың, жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болу себептері мен жағдайларын анықтауға және оларға талдау жасауға;
- 3) жеке және заңды тұлғаларды санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің бұзылу салдары туралы ескертуге;
- 4) халықтың иммунитетін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі өтініштерін қарауға және тиісті шаралар қабылдауға;
- б) өзінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде белгілі болған ақпаратқа қатысты дәрігерлік құпияны сақтауға міндетті.



- Еңбек гигиенасы және оны қорғау саласындағы әлеуметтік-құқықтық шаралары мен заңдылықтары еңбек гигиенасы бойынша дәрігердің қызметінің негізін құраушы маңызы бар.
- Сонымен, еңбек гигиенасы теориялық және клиникалық пәндерімен тығыз байланысқан кешенді ғылым болып келеді.
- Алдына қойған міндеттерді шешу үшін ол әртүрлі әдістерді қолданады: Өндірістік ортаны зерттеуде еңбек гигиенасы санитарлық-гигиеналық тексерулерді (микроклимат, шу, діріл, газдалуын, шаңдануын т.б.) жүргізу мақсаттарына бейімделген физикалық және химиялық әдістерді қолданады. Еңбек процесін физиологиялық бағалау үшін психо-физиологиялық, биохимиялық және басқа зерттеу әдістерінің үлкен жиынтығын қолданады. Нормативтерді тұжырымдауда жаңа химиялық заттардың, ортаның физикалық факторларының организмге әсерін зерттеуде сынақ жүргізу әдісте кеңінен қолданылады. Жалпы және кәсіптік сырқаттанушылыққа талдау жүргізуде электронды есептеу машиналарымен математикалық-статистикалық әдістері қолданылады.

○ Еңбек гигиенасы - еңбек жағдайларының гигиеналық әсерлерін, және жұмыскерлердің жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығына әсерін, сонымен қатар еңбек жағдайларының жағымсыз әсерлерін ескертудің тәжірибелік шараларын және ғылыми негіздерін өңдейтін ғылым. Еңбек гигиенасының негізгі мазмұны болып созылмалы сырқаттардың үдеуін, жұмыскерлердің еңбек ету жағдайында жарақаттанулар мен олардың асқынуларын, жарақаттану және сырқаттарды медициналық алдын-алу болып табылады.



◎ Назарларыңызға рахмет!!!